

Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 01 шілдедегі № 5-34 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 12 тамызда № 3931 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 шілдедегі № 34-175 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 25.07.2018 № 34-175 шешімімен (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, 88-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 506-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5-тармағына, "Мемлекеттік орман қорында, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман пайдалану үшін төлем ставкаларын есептеуге арналған ережелер мен әдістемелік нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2009 жылғы 12 маусымдағы № 344 бұйрығына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1 . М ы н а л а р :

1) 1-қосымшаға сәйкес Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр, ағаш шырындарын дайындауға арналған төлемақы мөлшерлемелері ;

2) 2-қосымшаға сәйкес Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға арналған төлемақы мөлшерлемелері ;

3) 3-қосымшаға сәйкес Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері;

4) 4-қосымшаға сәйкес Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы қажеті үшін пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері ;

5) 5-қосымшаға сәйкес Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттар үшін пайдалануға арналған төлемақы

м ө л ш е р л е м е л е р і ;

б) 6-қосымшаға сәйкес Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, мәдени-тарихи, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 22 ақпандағы "Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылдың 28 наурызында № 2335 тіркелген, "Жетісу" газетінде 2013 жылдың 4 сәуірінде № 40 және "Огни Алатау" газетінде 2013 жылдың 4 сәуірінде № 40 жарияланған) № 14-89 шешімінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Алматы облыстық мәслихаты аппаратының басшысы Құрманбаев Ерлан Бақытжанұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспасөз басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыстық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы облыстық мәслихатының "Аграрлық сала, жер қатынастары және экология мәселелері бойынша" тұрақты к о м и с с и я с ы н а жү к т е л с і н .

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облыстық мәслихатының
сессия төрағасы
Алматы облыстық
мәслихатының хатшысы

Ж. Телпекбаева

С. Мұқанов

Алматы облыстық мәслихатының 2016
жылғы "01" шілде № 5-34 шешіміне 1-
қосымша

Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр, ағаш шырындарын дайындауға арналған төлемақы мөлшерлемелері

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Теңге
1	Шайыр дайындау	центнер	1000
		гектар	712,40
2	Ағаш шырындарын дайындау	центнер	800
		гектар	356,20

Алматы облыстық мәслихатының 2016

Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға арналған төлемақы мөлшерлемелері

№ п/ п	Атауы	Қабық, тоннаға айлық есептік көрсеткішпен	Бұтақтар, тоннаға айлық есептік көрсеткішпен	Түбіер, тоннаға айлық есептік көрсеткішпен	Тамырлар, тоннаға айлық есептік көрсеткішпен	Жапырақтар, тоннаға айлық есептік көрсеткішпен	Бұршіктер, килограммға айлық есептік көрсеткішпен
1	Қарағай	0,021	0,042	0,0105	0,063	0,0315	0,021
2	Шренке шыршасы	0,027	0,054	0,0135	0,081	0,0405	0,027
3	Сібір шыршасы, майқарағай	0,016	0,032	0,008	0,048	0,024	0,016
4	Самырсын	0,015	0,03	0,0075	0,045	0,0225	0,015
5	Балқарағай	0,023	0,046	0,0115	0,069	0,0345	0,023
6	Ағаш тектес арша	0,027	0,054	0,0135	0,081	0,0405	0,027
7	Емен, шаған	0,041	0,082	0,0205	0,123	0,0615	0,041
8	Жабысқақ қара қандығаш, үйеңкі, шегіршін, жөке	0,014	0,028	0,007	0,042	0,021	0,014
9	Сексеуіл		0,12	0,03	0,18	0,09	0,06
10	Қайың	0,016	0,032	0,008	0,048	0,024	0,016
11	Көктерек, ағаш тектес тал, терек	0,011	0,022	0,0055	0,033	0,0165	0,011
12	Грек жаңғағы, шекілдеуік жаңғақ	0,035	0,07	0,0175	0,105	0,0525	0,035
13	Өрік, ақ қараған, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар	0,023	0,046	0,0115	0,069	0,0345	0,023
14	Ағаш тектес арша, самырсын	0,018	0,036	0,009	0,054	0,027	0,018
15	Жыңғыл	0,025	0,05	0,0125	0,075	0,0375	0,025

16	Сары қараған, жыңғыл, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел және өзге де бұталар	0,012	0,024	0,006	0,036	0,018	0,012
----	---	-------	-------	-------	-------	-------	-------

Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы "01" шілде № 5-34 шешіміне 3-қосымша

Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Теңге	
1	Шабындық жерлер сапалық жай-күйі бойынша:			
	жақсы	гектар	308	
	қанағаттанарлық	гектар	231	
	қанағаттанғысыз	гектар	180	
2	Малдың 1 басын жаю үшін төлемақы:		Таулы табиғи аймақтар	Жартылай шөлейт және шөлейт табиғи аймақтар
	түйе	бас	169	158
	ірі қара мал	бас	135	126
	жылқы	бас	180	90
	ірі қара төлі	бас	68	63
	есек	бас	68	63
	ешкі	бас	118	110
	қой	бас	34	32
3	Марал шаруашылығы	гектар	257	
4	Аң шаруашылығы	гектар	257	
5	Ара ұяларын орналастыру	дана	257	
6	Көкөніс өсіру, бақша дақылдарын өсіру және өзге ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру	гектар	"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 385-бабының 1-тармағына сәйкес, жер салықтарының деңгейінде белгіленеді	
7	Дайындау және жинау: қамыс	килограмм	1	
	ши	килограмм	2	
	шеңгел	килограмм	10	
	мүк	килограмм	106	

орман төсеніштері және жерге түскен жапырақтар	құрастыру текше метр	106
жабайы тұяқтылардың түскен мүйіздері	килограмм	212
мумие	килограмм	170
дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттар (шөптер, гүлдер, жапырақтар, сабақтар және өскіндер, жемістер және жидектер, бүршіктер, тамырлар (жас (шикілей өсіп тұрған) күйінде): Сарыбас шай қурай (шөп)	килограмм	27
Кәдімгі адыраспан (шөп)	килограмм	17
Кәдімгі киікшөп (шөп)	килограмм	27
Дәрілік түймедақ (гүл)	килограмм	42
Мыңжапырақ (шөп, гүл)	килограмм	19
Ащы жусан (шөп, жапырағы)	килограмм	18
Өгейшөп (гүл, жапырағы)	килограмм	31
Түйетікен (шөп)	килограмм	25
Құс таран (шөп)	килограмм	29
Бұрыш таран (шөп)	килограмм	23
Кәдімгі сарысою (шөп, тұқымы)	килограмм	14
Дәрі түйежоңышқа (шөп)	килограмм	11
Көке марал райхан (шөп)	килограмм	32
Қосүйлі қалақай (жапырағы)	килограмм	22
Түркістан сасық шөбі (шөп)	килограмм	14
Үлкен бақажапырақ (жапырағы)	килограмм	32
Кәдімгі түймешетен (гүл)	килограмм	23
Дала қырықбуын (шөп)	килограмм	22
Шөпшәй (шөп)	килограмм	11
Үлкен сүйелшөп (жапырағы)	килограмм	24
Салаубас (гүл)	килограмм	74
Жебіршөп (шөп)	килограмм	28
Күренот (гүл)	килограмм	47
Қазтамақ (шөп)	килограмм	13
Қалың тұқымды ақмия (шөп)	килограмм	13
Пармелия (шөп)	килограмм	11
Сүмелек (шөбі)	килограмм	18
Атқұлақ (шөп)	килограмм	18
Дәрілік бақбақ (шөп)	килограмм	36
Жатаған теміртікен (жапырағы)	килограмм	45
Бәрпі уқорғасыны (тамыр)	килограмм	29
Қарандыз (тамыр)	килограмм	29
Жоңғар уқорғасыны(тамыр)	килограмм	29
Түркістандық шүйгіні (тамыр)	килограмм	24

Дәрі андышөп (тамыр)	килограмм	43
Шұғынық (тамыр)	килограмм	26
Шашыратқы (тамыр)	килограмм	36
Сиыркұйрық (тамыр)	килограмм	20
Қаражеміс (тамыр)	килограмм	51
Көкшегүл (тамыр)	килограмм	43

Патриния (тамыр)	килограмм	24
Қызыл мия (тамыр)	килограмм	20
Пияу (Баймур) (тамыр)	килограмм	30
Шашақты бозтікен (тамыр)	килограмм	26
Дәрілік бақбақ (тамыр)	килограмм	36
тізімде көрсетілмеген басқа өсімдектердің шөптері, гүлдері, жапырақтары, сабақтары және өскіндері, жемістері және жидектері, бүршіктері, тамырлары үшін (қызылкітаптықтан басқалары)	килограмм	31
жемісте және жидектер (жас (шикілей өсіп тұрған) күйінде): алма ерте пісетін	килограмм	20
алма кеш пісетін		25
алмұрт	килограмм	25
шетен	килограмм	30
долана	килограмм	30
шабдол	килограмм	15
өрік	килограмм	10
мойыл	килограмм	10
кара өрік	килограмм	15
жиде	килограмм	12
мүк жидегі	килограмм	22
таңқурай	килограмм	22
сиыр бүлдірген	килограмм	22
қарақат	килограмм	23
бүрген	килограмм	23
шеңгел	килограмм	23
сарыағаш	килограмм	27
қой бүлдірген	килограмм	22
сүйек бүлдірген	килограмм	22
итмұрын	килограмм	24
шырғанақ	килограмм	27
тізімде көрсетілмеген басқа жидектер үшін	килограмм	23
жаңғақтар	килограмм	30
саңырауқұлақтар	килограмм	100

Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері

№	Атаулары	Өлшем бірлігі	Теңге
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану	гектар	Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 385-бабының 2-тармағына сәйкес

Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы "01" шілде № 5-34 шешіміне 5-қосымша

Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері

1-кесте

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Айлық есептік көрсеткіште
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін қысқа мерзімді орман пайдалану,	болған әрбір күн үшін	0,1

2-кесте

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Теңге
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін ұзақ мерзімді орман пайдалану	гектар	Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 385-бабының 2-тармағына сәйкес

Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы "01" шілде № 5-34 шешіміне 6-қосымша

Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, мәдени-тарихи, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Теңге

1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, мәдени-тарихи, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану	гектар	Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 385-бабының 2-тармағына сәйкес
---	--	--------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК